

«ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ – МҰҒАЛІМНІҢ КӨМЕКШІСІ: ИДЕЯДАН ИННОВАЦИЯҒА ДЕЙІН» педагогтар байқауының ЕРЕЖЕСІ

1. Жалпы ережелер

1.1. Осы Ереже **«Жасанды интеллект – мұғалімнің көмекшісі: идеядан инновацияға дейін» педагогтар байқауының** (бұдан әрі – Байқау) мақсаттарын, міндеттерін және өткізу тәртібін айқындайды.

1.2. Байқау **«Білім берудегі жасанды интеллект: инновациялық технологиялар мен оқу үдерісінің цифрлық трансформациясы»** онлайн біліктілікті арттыру курсының толық аяқтаған тыңдаушылар арасында өткізіледі және осы курстың тәжірибелік жалғасы болып табылады.

1.3. Байқау жасанды интеллект (ЖИ) технологияларын педагогикалық, әдістемелік және басқарушылық қызметке тиімді енгізе алатын, инновациялық ойлауға қабілетті педагогтарды анықтау және қолдауға бағытталған.

1.4. Байқауға жіберілген жобалардан ең үздік (шекті баллдан асқан) 400 педагог анықталып, Астана қаласында өтетін **«Мектепке арналған ЖИ шешімі» оффлайн педагогикалық хакатонға қатысуға шақырылады**. 400 педагогтен Хакатон қорытындысында **ең үздік 20 мұғалім Оңтүстік Кореяда халықаралық тәжірибе** бағдарламасына жолдама алады.

1.5. Байқауды ұйымдастырушылар – АМАНАТ партиясы және Daryn Ustaz біліктілік арттыру орталығы.

1.6. Байқауға өтінімдер 2026 жылдың 16 қаңтарына дейін қабылданады. Байқауға тек курсты толық аяқтап, курстан өткенін растайтын сертификат алған педагогтар ғана қатыса алады.

1.7. Байқау нәтижесі 2026 жылдың 23-27 ақпан аралығында жарияланады. Байқау нәтижесінде іріктелген ұстаздар 2026 жылдың 25-27 наурыз аралығында Астана қаласында өтетін **«Мұғалім FMANAT» педагогикалық хакатонға** жолдама алады.

1.8. Байқаудың жұмыс тілі – қазақ тілі (қажет болған жағдайда орыс тілінде материал қабылданады).

2. Байқаудың мақсаты мен міндеттері

Мақсаты:

Педагогикалық қызметті жетілдіру және транзакциялық шығындарды азайту мақсатында жасанды интеллект технологияларын саналы және жауапты қолдана алатын педагогтарды анықтау.

Міндеттері:

- педагогтардың ЖИ құралдарын қолдану мәдениетін дамыту;
- білім беру үдерісінде инновациялық тәжірибелерді қалыптастыру және тарату;
- мұғалім еңбегінің транзакциялық шығындарын төмендететін шешімдер ұсыну;
- ЖИ көмегімен оқыту, бағалау, жоспарлау және коммуникация салаларында тиімді тәсілдерді көрсету;
- шетелдік тағылымдамаға қатысатын **20 үздік педагогті анықтау**.

3. Байқауға қатысушылар

3.1. Байқауға **«Білім берудегі жасанды интеллект: инновациялық технологиялар мен оқу үдерісінің цифрлық трансформациясы»** курсының аяқтап, электрондық сертификатты белсендірген педагогтар қатыса алады.

3.2. Сертификатты белсендіргеннен кейін қатысушы **Daryn.ai** платформасында орналасқан **«Байқауға қатысу»** батырмасын басу арқылы өтінім береді.

3.3. Өтінімге байқау тапсырмаларына сәйкес дайындалған материалдар тіркеледі.

3.4. Қатысушы жеке деректерін өңдеуге және материалдарының жариялануына келісім береді.

4. Байқаудың кезеңдері

Кезең	Мазмұны	Формат	Нәтиже
I кезең	Онлайн іріктеу: «ЖИ рутинаны азайтады: менің педагогикалық кейсім»	Қашықтықтан	400 жартылай финалист анықталады
II кезең	Офлайн хакатон: «Мектепке арналған ЖИ шешімі»	Тікелей формат	20 финалист іріктеледі
III кезең	Финал және марапаттау рәсімі	Оффлайн немесе гибриді формат	20 жеңімпаз педагог шетелдік тағылымдамаға жолдама алады

5. Байқау тапсырмалары

5.1. I кезең тапсырмасы – «ЖИ рутинаны азайтады: менің педагогикалық кейсім»

Мақсаты:

Педагогтың жасанды интеллект көмегімен кәсіби қызметтегі рутиналық процестерді оңтайландыру тәжірибесін көрсету.

Форматы:

- Көлемі – 2 бетке дейін (.pdf немесе .docx форматында);
- 3 суретке дейін (скриншот, инфографика, диаграмма);
- 3 минуттық бейнесілтеме (YouTube платформасына жүктелген);
- Файл атауы: Тегі_аты_МеніңКейсімЖИ.

Құрылымы:

1. Проблема – рутиналық мәселені сипаттау;
2. Шешім – қолданылған ЖИ құралдары және олардың негіздемесі;
3. Процесс – қолданылған промттар мен әрекет кезеңдері;
4. Нәтиже – уақыт, сапа немесе тиімділік тұрғысынан әсері;
5. Рефлексия – алынған тәжірибе мен кәсіби қорытынды.

5.2. II кезең тапсырмасы – «Хакатон: Мектепке арналған ЖИ шешімі»

Мақсаты:

Мектептің оқу, тәрбие және басқару қызметін жетілдіруге бағытталған жасанды интеллектке негізделген практикалық шешім әзірлеу.

Форматы:

- Команда – 5–10 қатысушыдан;
- Ұзақтығы – 2 күн (16–20 сағат).

Бағыттар:

- әдістемелік жұмыс;
- тәрбие және коммуникация;
- есеп пен мониторинг;

- инклюзивті және психологиялық қолдау.

Кезеңдері:

1. Мәселені анықтау;
2. Идеяны ЖИ арқылы генерациялау;
3. Прототип (MVP) әзірлеу;
4. Қорғау (3 минуттық питч-презентация).

6. Бағалау критерийлері

№	Критерий	Ең жоғары балл	Сипаттамасы
1	Практикалық қолданымдылық	10	Нақты педагогикалық мәселені шешу деңгейі
2	ЖИ құралдарын интеграциялау	10	ЖИ құралдарын саналы және мақсатты пайдалану
3	Әдістемелік сауаттылық	10	Мақсат–әрекет–нәтиже арасындағы логикалық байланыс
4	Шығармашылық және жанаашылдық	10	Авторлық идея мен инновациялық тәсіл
5	Этикалық және академиялық адалдық	5	ЖИ қолданудың ашықтығы және адалдығы
6	Мультимодальдылық және дизайн сапасы	5	Мәтін, визуал және бейне арасындағы үйлесім
Барлығы		50 балл	

7. Қорытынды және марапаттау

- Онлайн кезеңнен кейін – 400 жартылай финалист Астана қаласында өтетін педагогикалық Хакатонға шақырту алады;
- Офлайн хакатоннан кейін – 20 финалист Оңтүстік Корея мемлекетінде тәжірибе алмасады.

8. Қорытынды:

Бұл Ереже мазмұндық, әдістемелік және құқықтық тұрғыдан толыққанды құжат болып табылады және Қазақстан Республикасының білім беру жүйесіндегі цифрлық трансформация мен жасанды интеллектті жауапты қолдану қағидаттарына толық сәйкес келеді.